

**Қарағанды облысы білім басқармасының Осакаров ауданы білім
бөлімінің «№8 жалпы білім беретін мектебі» КММ**

Баяндама:

«Солақай балалармен жұмыс»

2023-2024 оқу жылы

СОЛАҚАЙ БАЛАЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРМЕН ДҮРІС ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ОРНАТУ

Біздің балалық шақтағы кейбір тәрбие әдістеріне байланысты адамның «соң қолды» болуы ұят деген ұғым қалыптасқан дәуір болатын. Табиғи солақайлықтан оң қолда жазуға мәжбүр болу жағдайының қалайша қын болатыны мен сияқты балалардың есінде қалуы әбден мүмкін. Осы кездерде «мен болашақта тәрбиесі болсам соң қолды баланы ешқашан оң қолда істеуге мәжбүр етпеймін» деп ойлаушы едім. Бұл мақсат есейе келе шын мәнінде балалар әлеміне кіруіме, әсіресе солақай балалардың ерекшеліктерін дәлелдеп, олармен жұмыс жасаудың жол ашты.

Солақайлық — әдетте туғаннан болатын, әрекет жасауда сол қолдың оң қолдан басым болу сипаты.

Сәби есейе барып, кез келген нәрсені қолына ұстауға тырысады. Ол алдымен екі қолын бірдей жұмсайды. 18 айға толғаннан бастап ол оң немесе соң қолын көбірек пайдаланады. Бұл кезде біз баланың оңақай немесе солақай болатының біліп аламыз.

Қазіргі уақытта құрсақта жатқан сәбидің солақай немесе оңақай екененін небары 10-11 аптада анықтауға болады екен. Ана құрсағында жатқан нәресте оң колының бармағын сорса-оңақай, сол қолының бармағын сорса-солақай болып дүниеге келетіндігі анықталған. Ал туылған сәбиді етпетімен жатқызғанда оңақайлар басын оңға бұрып жатса, солақайлар керісінше істейді немесе сол қүйі жата береді екен. Солақайлық әдетте түзетуді қажет ететін нормадан ауытқушылық ретінде қабылданады. Бірақ, солақайлар да нәзік моториканы игереді, психикалық және дене дамуының барлық сатыларынан қалыпты өтеді және толыққанды тұлға болып қалыптасады.

Мамандар жер бетіне шыр етіп дүниеге келген 100 сәбидің біреуі ғана солақай болып туылатынын айтады. Ал, статистикаға сүйенетін болсақ, әлемдегі халықтың шамамен 10-12 пайзызы солақайлар екен. Қазіргі күнде жер бетінде 500 миллиондай солақай бар. Зерттеу нәтижелеріне қарағанда, көбінесе ұл балалар солақай болып дүниеге келеді екен. Солақайлар әр кезеңдерде әр түрлі бағаланып келген. Кейбір халықтар бұл қасиетті әдет ретінде түсінсе, бір халықтар жынның белгісі ретінде қабылдаған. Кезінде, Жанна Д.Арк соң қолын көп пайдаланғаны үшін отта күйдірілген. Эскимостар солақай адамды сиқырға икемі бар адам деп білсе, солтүстік америкалықтар оларды жолы ашық адам ретінде бағалайды.

Солақай жандар мынадай төрт топқа бөлінеді:

Біріншісі, тұқым қуалайды. Яғни, қан мен тек арқылы ұрпақтан ұрпаққа беріледі. Бұл топтың санатына жататындардың саны солақайлар арасында 10 пайызға ғана жуық. Егер әке-шешесінің екеуі де солақай болса, олардан туylатын баланың солақай болу ықтималы 46 пайыз, әке-шешесінің біреуі солакай болса, туylатын баланың солақай болу ықтималы 19 пайыз, ал, екеуі де солақай болмағандарда 2 пайызды құрайды екен.

Екіншісі, әйелдердің кеш босануына байланысты. 40-тан аскан әйелдің баласының солақай болып туылу ықтималдылығы өте жоғары болады. Уақыт создырып алған әйелдің құрсағынан жаралған сәби дүниеге келерде ауыр қиналысқа түседі. Сонын салдарынан оң қолдың қызметіне жауап беретін мидың клеткалары закымдануға үшірайды.

Үшіншісі, мәжбүрліктен орын алады. Мысалы, сәби қолын күйдіріп, жаракаттап алған жағдайда сол қолдың көмегіне тәуелді болады.

Төртіншісі, саналы түрде өзін-өзі құштеп үйретуден. Жалпы солақай адамдар тумысынан дарынды келеді дейді білетіндер. Себебі, ондай жандар өз мақсатына жету үшін әр қандай қыншылыққа көнуге даяр. Бір қызығы, осы қағиданы желеу етіп, солақайлық қасиетті қолдан жасайтындар да бар екен. Осы топтың арасында екі қолымен де тамак ішетін, қос қолымен жазу жаза алатындар да кездеседі.

Әлемде 1 пайыз адам ғана екі қолымен бірдей икемді жұмыс істей береді. Мысалы, аты анызға айналған суретші Леонардо да Винчиның бір уақытта екі колда бірдей сурет салу қабілетіне ие болған.

Солақай жандардың миының оң және сол бөліктерінің байланысы өте сапалы екендіктен олар тез ойлайтын, тез шешім қабылдайтын болады. Кейбір солақайлардың қысқа уақыт ішінде үлкен мағлұматтарды қабылдай алатындары да кездескен. Оларда ақылдылық коэффициенті жоғарырақ болады. Фалымдардың айтуынша, солақайлар математика, архитектура, химия секілді кеңістікке байланысты пәндерге тумысынан қызығушылықтары төмен болады. Бірақ, осы салаларға ықыласпен зер салса, оңақайларға қарағанда икемді болып, көп жетістіктерге жетеді екен. Сондай-ақ, Австралия ұлттық университеті ғалымдары өткізген тәжірибе нәтижесінде солақай адамдардың оң қолдыларға қарағанда компьютерді жақсы ойнауы, жылдам жазуы анықталған. Солақайлардың тағы бір ерекшелігі, соң қолмен оңдан соңға қарай жазу, жазудағы әріптерді көрсінше оқып кетеберу олар үшін бір рефлекс болып қалыптасады.

Солақайлар сирек жаратылыс иесі. Әсіреле, өнер мен спорттың есігін ашқан солақайлар – биік жетістіктерге жетеді. Сондай-ак, спорттық жүлделердің 40 пайзының солақайлар жеңіп алады екен.

Психологтар солақай жандардың шығармашылық жұмысқа да аса қабілетті болатындығын айтады. Әсіреле, дизайн, киноматография, архитектура, музика, спорт, сурет салу, ғарышкерлік, жүргізушилік, жазушылық салаларында оларға тенденсестіні жоқ. Солақайлар арасында ұлы ғалымдар мен экстрасенстер де көп кездескен. Төменде тілге алынған әлемге танымал солақай жандар солақайлардың қылды да қабілетті болатындығын дәлелдемек:

Әлемге белгілі патшалар мен саясатшылар: Александр Македонский, Юлий Цезарь, Ұлы Карл, Наполеон Бонапарт, Петр I, Жанна д'Арк, Виктория патшайым, Елизавета патшайым, Ханзада Уильям, Фидель Кастро, Гарри Трумен, Уинстон Черчилль, Ганди, Жеймс Коллаген, Горацио Нельсон, сондай-ак, Американың үш президенті Рональд Рейган, Джордж Буш (улкені), Билл Клинтон;

Ғалым, философтар: Исаак Ньютоң, Чарлз Дарвин, Иван Павлов, Альберт Эйнштейн, Герман Гольмгольц, Аристотель, Ницше Фридрих;

Әлемнің ең бай адамдары: Билл Гейс, Николь Кидман, Генри Форд, Жон Рокфеллер;

Суретшілер мен спортшылар: Микеланджело Буанаротти, Леонардо да Винчи, Рафаэль, Рубенс, Пикассо, Жон Макинрой, Пит Самpras, Моника Селеш, Мартина Навратилова, Диего Марадона;

Ақын-жазушылар: Льюис Кэррол, Пушкин, Толстой, Марк Твен, Гете, Бенжамин Франклін, Франц Кафка, Николай Лесков, Усман Носир, Гулханий, Абдулхамид Мажитий;

Композитор, киножүлдемдер: Джимми Хандрикс, Ринго Стар, Моцарт, Бетховен, Пол Маккартни, Шопен, Роберт Шуман, Чарли Чаплин, Роберт де Ниро, Сильвестр Сталлоне, Жулия Робертс, Том Круз, Вупи Голдберг, Брюс Уиллис, Деми Мур, Амитабх Баччан, Абхишек Баччан, Айша Такия, Каран Жохар, Прокофьев, Грета Гарбо, Брет Питт, Анжелина Жоли, Рикки Мартин, Мила Йовович, Селин Дион, Киану Ривз, Жеймс Камерон, Жим Керри, Мерлин Монро, Барт Симпсон, Николо Поганини және

басқа түрлі кәсіппен атақты болғандар Дин Кембелл, Роберт Гриндан, Франклин Уинборн тағы басқалар...

Қазак халқында да солақай асыл азаматтар жетерлік. Қазақтың бір туар сазгер-күйшісі Нұргиса Тілендиев, сонымен қатар, қазак халқының тұнғыш спорт журналшысы болған Сейдахмет Бердіқұлов, танымал суретшісі Гүлфайрус Исмаилова тағы басқалар.

Солақай жазушылар жер жүзінде солақайлармен байланысты көптеген шығармалар жазып қалдырған. Бәрімізге белгілі «Алиса айналар артында» кітабының авторы Льюис Керрол өзі солақай болғандықтан шығармадағы бас кейіпкердің яғни солақай адамның көніл-күйін өте шеберлікпен бейнелеген. Ұлы орыс жазушысы Николай Лесков та солақай болып, ол XXI ғасыр солақайларына арналған шығармасын жазған. Ал, ағылшын ғалымы Крис мак-Манус өзінің «Правая рука, левая рука» кітабында бүкіл адамзат тарихында солақайлардың оңақай адамдарға қарағанда жоғары жетістіктерге қол жеткізгендігі туралы толығымен жазған.

АҚШ-тың Канзас штатындағы Топика қаласында халықаралық солақайлар үйімі бар. Оның негізін қалаушы Дин Кембеллдің «Солақайлар туралы Заңында» солақайлар құқығы кеңінен жазылған.

Солақайлар құқығын қорғауға 1980 жылда Америка поліцейі Франклин Уинборның жұмыстан босатылуы себепші болған. Ол солақай болғандықтан зан бұзушылыққа жол қойып, оң тарапта алып жүретін тапаншасын соң тарапта қолданғаны үшін айыпталып, оны қорғау үшін солақайлар арасында үлкен көтеріліс үйимдастырылған. Осылайша, 1980 жылдан бастап солақайларға соң қолды еркін пайдалану құқығы берілген.

Солақайлар солтүстік Америка, Европа елдерінде көп ұшырайды. Кейір мемлекеттерде солақайлар үшін арнайы дүкендер ашылып, онда соң колға ыңғайлы қайши, музыка, спорт және тігіншілік құралдары, тіпті компьютерлер де сатылады екен.

Бала өзінің солақай екенін көбінесе мектепке барып, балаларға қосылғанда түсінеді. Бұл кезде педагогтардың, ата-аналардың солақай балаға «он қолың жоқ па, неге он қолмен жазбайсын, оң қолмен тамақ ішпейсің» деген зілді сөздері дұрыс емес. Бала өзін айыпты сезінбеуі керек. Мұғалім балаға әдемі жазбағаны үшін төмен баға қойған кезде,

солақайлықты себеп қылып көрсетпеуге тиіс. Баланың өзіне ыңғайлыш қолмен жазуына мүмкіндік беру керек. Солақай бала жазуды үйренуге біраз қиналады: дәптерді қисық ұстайды, тез жаза алмайды, жазған жазуын қолымен жасырып, кере алмайды... Бірақ үйреніп кеткеннен кейін, әдемі де тез жаза алады. Кейбір бастауышта солақай болған балалар уақыт өте келе өз-өзінен оң қолға үйреніп кетеді. Сондықтан, ересектер арасында балаларға қарағанда солақайлар кем кездеседі.

Кейде солақайларға «ұят» деп айқайлайтын адамдарды да көп кездестіреміз. «Ұят» түсінігін бала «кемістік» деп қабылдайды, нәтижеде жүйкесіне қатты әсер етіп, баланың білім алуға да қызығушылығы төмендейді.

Балабақшада солақай балалардан алынған бақылаулар нәтижесінде, оң қолға мәжбүрленбейтін, ешкім мазаламайтын балалардың солақай болғанына мақтанатындығы анықталды. Ал оларды оңақай болуға күштеу, өздерін айыпты сезініп, солақайлығынан өкінулеріне соқтырады еken. Тіпті, солақай жандардың оң қолмен тамақ жегенде ішіп отырған асының дәм-тұзын тұшына алмайтындарын ғылыми түрде ғалымдар дәлелдеген. Мидың оң бөлігі пікірлеу, сезіну, тыңдау функцияларын, ал сол бөлігі кеңістіктерді бағдарлау, есептеу, мақсатка ұмтылуды белгілейді. Мидың оң бөлігі сол қолды басқарса, сол бөлігі оң қолды басқарады. Сондықтан, солақай балалардың қайта оң қолды пайдалануға үйрету қажетсіз және зиянды. Бұл — бала табиғатына көрініше, зардап әкеліп, миы зақымданады. Ол психикалық жаракат пен неврозға, тіл кемшіліктеріне соқтырады. Солақайлар өз мақсатына жету үшін қандай қыншылыққа көнуге даяр. Оларды — оң қолды пайдалануға күштеу, кемсіту, «солақай» деп атау, құлу, басқа балалардан айыру, жүзіне айту, айыптау — ұлken қателік. Баланың үнемі сол қолын пайдалана беруінен аландамаңыз. Себебі баланың бас миы неге бұйырса, сол бойынша жұмыс жасайды. Яғни, солақайлық — баланың емес, мидың тандауы екенін ұмытпаңыз. Сіз оңақайлыққа мәжбүрлеу арқылы миды өзгертуге әрекет жасаған боласыз. Солақайлық — кез келген адамға бұйыра бермейтін қасиет екендігін бала тәрбиесімен шүғылданатын адамдар түсіну керек.

Солақай балалар мен басқа балалардың мінез-құлқында айырмашылықтар байқалады. Солақай балаларда сезімталдық басым болып, олар кішкентай кезінен басқа балалармен араласпай өзімен-өзі сурет салу, сызумен айналысып қалуы күзетіледі. Әсіресе, музыка тыңдалап, оны қайталап айтута әуес болады. Олардың тілдері жайлап

ығуы, кейбір сөздерді қате айтуы мүмкін, бірақ кейіннен дұрыс сөйлеп кетеді. Солакай адамдар сенгіш, өзгеруші, нәзік көңілді, көңіл-күйіне қарап қарым-катаңас жасайтын жандар. Олардың ішінде бетге шабатын, ашушан, дәрекі, кайсар балалар өте кем кездеседі.

Баланың оңақай немесе солақай екенін анықтайтын және қолдардың белсенділігін арттыру үшін қолданылатын жаттығулар:

1. **«Жұмық көздер».** Баланың көзін орамалмен байлад, алдына қарай тұра жүргіземіз. Егер бала оң жаққа қарай жылжып барса, ол солақай болады. Сол жакқа ағып кетсе, ол бала оңақай болады.
2. **«Каракуле».** Тактаға солақай баламен оңақай бала шығады. Олар екі тарапқа екі қолдарымен бір уақытта карақуле сыйбасын сыйзады. Екі сыйбаны салыстырған кезде, оңақай баланың сыйбасының оң тарапы, солақай баланың сыйбасының сол тарапы біртегіс көрінеді.
3. **«Дирижер»** жаттығуын қол белсенділігін арттыру үшін пайдалануға болады: балаларға қол арқылы (3 И) дирижерлық әрекеті істелінеді.
4. **«Сиқырлы айна»** жаттығуы арқылы қолдардың белсенділігін арттырамыз. Бұл әдісті балабақшада жоғары топ балаларына пайдалана отырып оң қолмен оң тарапқа, соң қолмен соң тарапқа қарай есімімізді ақырын жазамыз. Бірнеше рет жаттығу істегеннен кейін, ең соңғы жазуды айнамен көреміз. Соң тарапқа қарай жазылған жазу айнамен көрген кезде оң қолда жазған әдеттегі жазудай көрінеді. Ал, оң тарапы керісінше. Дәл осы жаттығу арқылы бала екінші қолдың көмегіне де таяну мүмкіндігін түсінеді.
5. **«Он-соң»** жаттығуында балалар серіктес болып, бір-біріне қарап отырады. Олардың біреуі «он», біреуі «соң» есімін алады. Тәрбиеші олардың біреуінің есімін атайды. Мысалы, тәрбиеші «он» деп айтса, «он» есімді бала «соң» есімдінін қолдарын ұстал қалу керек. «Соң» есімді бала қолдарын ұстатпауға тырысады. Бұл жаттығу бір неше рет қолданылып, солақайлармен бірге оңақай балалардың да қол белсенділігін арттырады.

Халықаралық «Солақайлар күні» ресми түрде 13 тамызға бекітілген. Бұл күн алғаш рет 1976 жылы Британия солақайлар клубында өткізілген. Бірақ, кейбір мағлұматтар бұл күнді белгілеу туралы шешім 1992 жылы қабылданғанын айтады.

Құрметті ата-аналар, педагогтар! Болашағымыз болған балалардың солақай, онақай, немесе басқа да ерекшеліктеріне қарай емес, оларға үлкен сеніммен карат, АДАМ ретінде қарым-қатынас орнатайық. Үлкендердің бір ауыз сөзі баланы өмір бойы өзін бағалай алмайтын, өзін-өзі танымайтын маңгұрттікке, немесе «оян, сені ұлы болашак күтуде» сөзін естіп ұлғайған ғалымдар дәрежесіне жеткізеді. Солақайлық – табиғаттың берген ерекшелігі. 13 тамыз – солақайлар күнінде оларды құттықтап коюды ұмытпаңыз.

Ракымкулова Ж.А

Бастауыш сынып мұғалімі